

## 2. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бағдан Момынова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

### XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЗЕРТТЕЛУІ: ПРОФЕССОР Ш.МӘЖІТАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Әдеби тіл – тілдің өмір сүруінің ең жоғарғы формасы. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы қоғам өмірімен сабақтастықта өрістейді. Қазақ халқының өміріндегі, қазақ қоғамындағы кез келген өзгерістер мен ірі тарихи-саяси оқиғалар ұлт тілінің даму бағытына ықпалын тигізіп келгені сабақтастықтың көрінісі болса, бұл процесс әдеби тілдің даму кезеңдерін белгілеуге бұдан былай да әсер ете береді, себебі әдеби тілдің өзі сыртқы әсерлер мен әлеуметтік жағдайларға көп жағдайда тәуелді. «Кез келген ғылым саласы сияқты қазақ әдеби тілінің ғылыми қауымда пікірталас тудырып жүрген проблемалары жеткілікті. Әдеби тіл және оған қатысты теориялық мәселелер күні бүгінге дейін шешімін толық таппай келе жатқан күрделілігімен көзге түседі. Оларға: 1.Әдеби тіл туралы концепцияның бірізді болмауы (жазумен байла-ныстылығы); 2.Қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдері жөніндегі пікірлердің әр түрлі болуы, тарихи көздері мен арналарын белгілеудегі пікірталастардың орын алуы; 4. Диалектілік ерекшеліктермен әдеби тілдің арақатынасын нақтылауда қайшылықты көзқарастардың орын алуы; 5. Жазумен байланысты дамуы мен соған орай анықтамасының бірізді болмауының себебін нақтылау; 6. Қазақ әдеби тілін дәуірлеуге байланысты ғалымдар көзқарасы ара-сындағы алшақтықтардың болуы; 7. Кітаби тіл туралы түсінікті нақтылау; 8. Репрессия жылдарындағы қазақ әдеби тілінің жай-күйін анықтау жатады.

Осы айтылғандарды ескергенде, ұлтқа дейінгі кезеңнің дереккөздеріне төмендегі жазба мұралар жатады: 1. Орхон-Енисей жазбалары; 2. Қашқари сөздігі; 3. Кодекс Куманикус; 4. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері; 5. Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер.

Ұлттық кезеңдегі дереккөздерге: 1. Көне қазақ тілінде жазылған мұралар; 2. Алғашқы қазақ кітаптары; 3. Алғашқы қазақ мерзімді басылымдары жатады»

Әдеби тіл нормалары бір күнде, тіпті бір ғасырда қалыптаспайды, нормалану – сандаған ғасырлардағы тілдік күрделі үдерістің жемісі, кезеңдік сипаты бар тарихи категория [1]. Оның дамуы, қалыптасуы, тілде орнығуы бір қалыпты жүрмейді. Кейде бір дәуірлердегі тілдік нормалар келесі кезеңде қолданыста болмауы мүмкін. Ал әдеби тілдің ортақ нормалары болмауы, әлсіздігі жазудағы ала-құлалықты тудырды. Ала-құлалық әдеби тілдің толық қалыптанбағанын көрсетеді. Қалыптану біртіндеп өтеді, бұл процестің уақыт қажет ететіні алғашқы кітаптардағы, алғашқы мерзімді басылымдардағы сөздерді әркелкі жазу, грамматикалық формалардың тұрақсыз түрде қолданылуы сияқты алақұлалықтардың орын алуынан көрінеді. Әдеби тілдің әр кезеңінде тіл деңгейлерін қамтыған (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық) нормаларының жиынтығы болған. Бір дәуірлерде актив қолданылған тілдік нормалардың келесі кезеңде қолданысы бәсеңсіп, жалпылық сипатын жоғалтады. Яғни әдеби тілдің өзге параметрлері сияқты нормалану да қалыптасу кезеңдерін басынан өткерген. Әдеби тілде қалыптасқан нормадан ауытқушылық көбінесе жеке индивидтердің бастамасынан (инициативасы) гөрі, объективті себептерден көбірек туындайды. Ал әдеби тілге қатысты объективті себептер көбінесе өркениетпен байланысты пайда болады. «Өркениет дамыған сайын арнаулы лексика толығып, жаңа ұғым атаулары сан жағынан көбейеді, соның нәтижесінде жаңа атаулардың атын атап, түрін түстеу үшін тілдегі кейбір қалыптасқан нормалар ішінара болсын өзгереді, кейде бұзылады. Бұл өз кезегінде норманы тағы да жүйелендіруді талап етеді, ал норманың бір ізге түсуі жазумен, емлелік қиындықтарды реттеумен байланысты» [1].

XX ғасырдың басында қазақ тілінің дыбыстық, өзге де грамматикалық заңдылықтары негізінде А.Байтұрсынұлы жаңа алфавитті, жаңа жазу үлгісін жасады. А.Байтұрсынұлы реформалаған араб қаріпті қазақ алфавиті (төте жазу) әдеби тілдің емле нормасын біраз жөнге келтіріп, түзеді. Бүкіл қазақ даласы, алғашқы мектептер төте жазудың ыңғайлылығын мойындап, сол кездің өзінде-ақ қолдау көрсетті. 1912 жылы А.Байтұрсынұлы “Оқу құралын” бастырып шығарды. Емленің даулы мәселелеріне арналған “Жазу тәртібі” (“Айқап”, 1912, №9-10), “Жазу мәселесі” (“Қазақ”, 1913, №34-35), т.б. мақалаларын жариялады. 1926 жылғы Қызылорда қаласында өткен “әліпби айтысында” А.Байтұрсынұлы төте жазудың бар болмысын жақсы жағынан ашып көрсетті. Сондай-ақ,

Н.Төрекұлов, Қ.Жұбанов, т.б. қоғам қайраткерлері мен қазақ зиялылары осы съезде әліпби айтысына қызу қатысты.

«Қазақ әдеби тілі тарихы» [2] деген оқу құралының «XX ғасыр басындағы әдеби тіл» және «20-30 жылдардағы әдеби тіл» деген тарауларын жазған Е.Жанпейісов көркем шығарма, мерзімді баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі фонетикалық, грамматикалық ауытқулар мен лексикалық ерекшеліктерді қарастырған. Бірақ сол кездегі (экстралингвистикалық фактор) тым әлсіз көрсетіліп, көркем әдебиетке көбірек көңіл бөлінген де, басқа стильдер баспасөз стилімен бірге қаралған («Баспасөз және кейбір әдебиеттер тілі» деген тақырыппен). Бұл еңбектерде әдеби тілдің барлық функционалдық стильдері қарастырылмаған. Мерзімді баспасөзді зерттеуде тек «Айқап» материалы негіз болған. Белгілі себептермен қазақ әдебиетінде алғашқы роман жазған М.Дулатов, Ж. Аймауытов шығармалары, «Қазақ», «Қазақстан» газеттері қаралмаған. Газеттердегі тіл жайында көрсетілген мәселелерге (әліпби, емле, тіл мәдениеті) талдау берілмеген. Ал осы оқу құралының «40-жылдардан кейінгі әдеби тіл» деген тарауында М.Балақаев қазақ жазуын жақсарту шараларын, әдеби тілдің стильдік тармақтарының саралануын, әдеби тілдің лексикасы мен фразеологиясының жай-күйін, толығын, әдеби тілдің нормалану процесін т.б. мәселелерді сөз етеді. Бірақ бұл еңбектерде де әдеби тілдің функционалдық стильдері толық қарастырылмайды. 40-жылдар сөз болғанда қазақ әдеби тілінің дамуындағы іркілістер, кедергілер сөз болмай, бірыңғай өрлеу, дамуының баяндалған, орыс сөздерінің қаптап кіруі прогрестік жол деп суреттелген» [1,7-б.]. Әліпби туралы мәліметтер 1993 жылы «Ғылым» баспасынан А.Байтұрсынов ат. ТБИ институты жарыққа шығарған «Революцияға дейінгі қазақ тілі бойынша зерттеулер» [3] атты жинақта айтылды, бұл ғылыми тұрғыда талдауға бастамашы болған еңбектердің бірі. Осы мәселелер кеңейтіліп, 2000 жылы Астананың «Елорда» баспасынан 344 бет көлемінде жеке монография түрінде «XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі» [4] деп жарық көрді. Кітаптың алғысөзінде негізгі авторлар ретінде Б.Әбілқасымов, Ш.Мәжітаеваның және С.Исаевтың жазып қалдырған қолжазбасы негізге алынғаны, сонымен қатар 3-тарауды ф.ғ.д. С. Омарбеков, 4-тарауды ф.ғ.к. М.Малбақов жазғаны атап өтіледі. 2018 жылы жарық көрген «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» [5, 1,2 кітап] осы тақырыптағы еңбектер қатарын толықтырды.

Міне, осы тұста профессор Шара Мәжітаеваның қазақ әдеби тілінің осы бір қиын кезеңдері туралы нақты мәліметті қолға ұстатып, архивте жатқан мұраларды зерттеуші қауымға жеткізгенін ерекше атап өтуге тиіспіз. Проф. Ш.Мәжітаеваның көз майын тауысып, архив материалын жарыққа шығарған еңбектерінің құны жоғары. Сондай еңбегінің бірі – «1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» [6]. Бұл еңбек «Революцияға дейінгі қазақ тілі бойынша зерттеулер» атты кітаптың «занды жалғасы» болды [6,2-б.]. Кітап Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің бекітуімен жарық көрді. Шығарушы - профессор Ш.Мәжітаева.

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы – елдің тарихымен сабақтас. Бұл кезең қазақ тілінің болашағын, алдағы тағдырын белгілеген шешуші кезең еді. Қазақ зиялыларын көптен толғанып жүрген жазумен, жазудан туындайтын емле, нормаларды ретке келтіру сынды күрделі жұмыстардың бағытын белгілеумен ерекшеленетін кезең еді. Сол бір кезеңдегі жазу, әліпби таңдау барысындағы қазақ зиялы қауымының сөздерін қағаз бетіне кирилшелеп түсіріп, зерттеушілерге, тіл жанашарларына ұсынған профессор Ш. Мәжітаеваның еңбегі шынында өлшеусіз. Неге? Өйткені бүгінгі ұрпақ - ертедегі қадымды, кешегі төтені, тіпті бертінгі латынды танымайтын ұрпақ. Сондықтан осы еңбектер жазуды жете танымайтын ұрпақтың, әліпби мен емле ережелерін толық әрі қанық білмейтін білім алушылар үшін маңызды еді. Өткен заманның үнін, тұлғалар сөзін 1994 жылдары-ақ тамсана оқуға мүмкіндік туғызған бәсі жоғары зерттеулер еді. Шағын ғана кітаптың алғы сөзінде «кезеңнің қайшылығы мен жаңалығы мол, халықтың сауатын ашу, жазуды жетілдіру мен әліпби қабылдау, емле ережелерін қалыптастыру, термин қабылдау принциптерін айқындау сынды сан-салалы міндеттер тұрған кезең» деген сипатын бере отырып, алғы сөз жазған Ш.Мәжітаеваның ұстазы Б.Әбілқасымов: «1930 жылдардың ішінде газет, журналдарда алфавит және емле жобаларын ұсынған, көпшілік талқысына салу мақсатында ой-пікірлер айтқан мақалалар көп жарияланды. Әсіресе, өз кезінде Ж. Аймауытов, Қабылов, С.Аманжолов, Ш.Сарыбаев мен Т. Жиенғалиев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов т.б. емлені жетілдіруде талқыға салу үшін өз жобаларын ұсынды. Тек «Бас әріп керек пе?» деген мәселенің төңірегінде ғана оннан астам мақала жарияланыпты», - дейді [6, 3-б.]. Осындай маңызды мәліметтерге толы кітаптың өзінде: «1920-30 жылдарда жарияланған мақалалардың бәрі бірдей қамтылған жоқ, оларды республикадан тыс жердегі кітап қоймалары мен архивтерден іздестіріп табуға мүмкіндік болмай қалғанын» да ескертеді [6, 4-б.]. Кітапта сол тұстағы емле, тыныс белгісі барынша сақталғаны, ішінара өзгеріс қажеттілікке сай

енгізілгені айтылады. Кітапта төте жазу мен латынқаріпті сөздер қолмен жазылған. Осы жерде мәселе ретінде қазіргі Қытайдағы қазақ қандастарымыз қолданатын төтенің өзін бізде қолдану мүмкіндігі аздығын атап өту керек. Қазіргі төтемен жазылған материалдар компьютерден компьютерге көшіргенде, әріп көлемін үлкейтіп, кішірейткенде, таңбалары өзгеріп кетіп, қате оқу, қате жазу қаупін тудырады. Сондай-ақ аталған кітапта ескі латынмен келетін мәтіндер де қолмен жазылған. Сондықтан Қазақстанда пернетақтаға төте жазуды (Қытайдағы қазақтар қолданатын) да, ескі латынды да көпшілікқолды етіп, енгізетін уақыт келді деп ойлаймыз.

Аталған кітапта Ж. Аймауыт ұлы, М. Мырза ұлы, Е. Омаров, С. Сейфуллин, Крстевич Е., Қайыпназарұлы М., Отарбайұлы Т., Самойлович А., Құрманұлы Қ., Баскаков А.Н., Шамғали, Қаймеке ұлы Н., Жүргенов Т., Жұбан ұлы Қ., Еділбайып, Тогжанов Г., Шарипов К., Басымов Қ. мақалалары қамтылған. Бұл аталғандар бөлек «Жазу ережесі туралы білімпаздар тобының қарары», «Термин туралы», «Мектептерде ана тілін оқытуды дұрыстау үшін үністеттің міндеттері», «Қазақ әдебиетінің сапасын арттыру жөніндегі пікіріміз», «Елдегі екі мұғалім», «Термин жайындағы кейбір қата пікірлер туралы» деп аталатын мақалалар да енгізілген. 167 беттен тұратын кітаптың көтерген мәселесінің көпқырлылығы, маңыздылығы тақырыптарынан байқалады.

Кітаптағы мақалалардағы мәселелерді былайша топтастыруға болады: 1. емле жобалары, ұсыныстар; 2. жекелеген әріптердің жазылу, айтылу нормасы, дыбыс үйлесімділігі; 3. бас әріпті алу//алмау мәселесі; 4. термин, терминология мәселесі; 5. ана тілін оқыту мәселесі; 6. аударма мәселесі. Шағын еңбекте бүгін де өзекті мәселелерді айтылған мақалалар іріктеліп алынған. Және тек публицистика, жартылай ғылыми стиль материалдарынан бөлек, таза ғылыми мәтіндер де қамтылған. Кітапта қазақ және орыс тіліндегі материалдардың керектілері алынған, бірін-бірі толықтыратын, растайтын материалдар іріктелген, сондықтан бүгінгі қазақ әдеби тілінің ақтаңдағын, нормалану үдерісін толықтаудағы орны бөлек.

Әдеби тілдегі нормалану процесіне деген зиялылар мен қоғам қайраткерлері тарапынан болған қызығушылық пен қоғамдық өмірдегі тіл тағдырына деген алаңдаушылық ХХ ғ. басында қатты сезілді. Айталық, аталған кітапта «Б», «П» дыбыстары мен әріптері (ойласу ретінде) [6, 61-б.] деген мақала берілген. Бұл мақала сөздің соңындағы «б» жазатын жерлерде (негізінен көсемшенің – ып, -іп, -п формасы – Б.М.) «п» - ға ауысуының реті, себебі сол тұстағы деңгеймен, сол кез терминімен жазылған. «1929 жылғы жаңа әліпті алатын көнперенсиеден соң «б, «п» дыбыстарының әріптері ауысты. Бұрынғы «қаб»- «қап» болды, бұрынғы «таб» - «тап», бұрынғы «өтбейді» - «өтпейді» болды. «П» (бұл бұрынғы арапша «б»-ның үнін беретін әріп қой) әрпі бұрын (арапша жазылғанда) апа, шапан, шолпан, қалпақ, көрпе сықылды сөздерде жазылатын еді. ... Бас, сап дегендегі «б», «п»-лар желсіз қатаң дыбыстар. ...орысша «п»-ға дәл келеді» деп бастап, сөздің басы, ортасы, соңында келетін п, б дыбыстарының фонетикалық характеристикасын жасайды да, осы әріптердің түрлі өзгеріспен айтылуы, жазылуына қарай әліпбиде 30 әріп болуы тиіс» деген ұсыныс айтылған. «Осылай етсек, жазуымызда қиындық келтіріп жүрген, үйренушілерді көп шатыстырып жүрген «в», «р»-лардың жазуы жеңілденеді, арнаулы ережеге тірелмей-ақ, естілуінше жазыла беретін болады» (Отарбай ұлы Тәңірберген, «Социалистік Қазақстан», 1933, №59) [6, 62-б.]. Яғни сол кездегі сөздің айтылуы мен жазылуы талқылаулар арқауы болған. «Түрліше жазылатын бір мәнді сөздер туралы (ойласу ретінде)» мақаласында «айтылуы түрлі болғанмен, мәндерінде айырма болмаған едәуір, недәуір, едеуір сияқты сөздер қазақта толып жатыр. Мұндай сөздердің жазылуларын бір ізге салу туралы тиісті адамдар мен сөйлесе жүру қазақ емлесін бір жолға салуды қайғыратын баспа сөз орындарымыздың, оқушылардың зор міндеттерінің бірінен саналады» [6, 98-б.]. Осы мақалада дыбыс алмасулары жөнінде мынадай пікір бар: «Аяқ буындардағы «ә» дыбысы қазақ тілінде «е-ге айырбасталып кетеді (сәләм-сәлем, бәлә-бәле, зәрә-зәре, әбдән – әбден ... деген сияқты) [6, 98-б.]. Солай дей келе автор емлесі қиын деп таныған 43 сөзді атап, дұрыс варианты деп таныған өз ұсынысын береді. Олардың қатарында әжептәуір - әжептеуір, сұрау - сауал - сұрақ, мейман – мыйман - қонақ, рақымет – рақымат, әлде қашан – алдақашан, жыйырмасыншы – жыйрманшы т.б. сөздері бар. Осылардың қайсысы әуезелі, қайсысы әуезесіз айтылады, соған орай әуезелісін алуды ұсынады. «Әуезелі деп еркін дауысты дыбыстарды, кілең жуан дыбыстары болған сөздерді, әуезесіз деп қысаң дауысты дыбыстарды айтамыз» [6, 98-б.]. Бұл Шамғалидың сөзі («Социалды Қазақстан, 1935, 14 январь, №12), академик Шора Сарыбаевтың әкесінің пікірі.

Осы уақытта қазақ оқығандары саясаттың тілге жүргізетін ықпалының зор болатынына көз жеткізіп, қоғам мен тілдің тығыз байланысы бар дейтін қағиданың ақиқаттығын қатты сезінді. Осы мәселеге сәулесін түсірер бір мақала С.Сейфуллин қаламына тиесілі. Сәкен мақаласы «О терминах и терминологии» [6,33-б.] деп аталады. Мақала интернационал сөзінің «бейбауырмал» аудармасының

қате екенін дәлелдеуден басталған. «Бейбаурмал – значит, не любящий родных или сородичей» деген аударманың жаңсақтығын дәлелдейді. Осы сынды жүздеген әскери терминдердің аудармасын қате деп санайды: армия – сая, штурм – басқын, дивизия – тумен, базис – тіреу, боевой взвод – ұрыс кедергісі, комплект – ұрыс толығы, грудная высота – емшектің бойы, егерь – саятшы, ездовой – қосайдар, каптенармус – қаптырнағыш, конвой – көмбей, питание – жабду, ползун – мешел т.б. Дұрыс түсіне белгенге С.Сейфуллиннің «ұррә, алаш» сөздеріне берген түсінігі терең. Ол: «Ура заменено казахским кличем «алаш». Правильно ли это? Конечно, неправильно. При нападении или атаке русские кричат «ура». «Ура» - для всех имеет одинаковое значение. «Ура» выражает, ведь, только чувство восторга и знак наступления. Что выражает «алаш». Одинаковое ли имеет для всех значение «алаш»? «Алаш» - есть кличка казахского племени. Для казахского племени кличка «алаш» имеет такое значение, какое для русских слово «Русь», «Святая Русь» [6, 33-б.]. Қазақ үшін «алаш-тын» бәсі жоғары, бірақ жалпы қызыл әскер үшін жалпы сипат алмайтынын келтіреді. Еңбекте дұрыс балама табу, табылмаса, интернационал сөздерді аудармай алу тұжырымы ұсынылады. Түсініп оқу жөн.

Алайда жазба әдеби тілдің, оның құрамындағы стильдік тармақтардың ХХ ғасыр басындағы даму барысы жайындағы зерттеулер әлі аз. Осы мәселеге байланысты мағлұматтар толық емес, барлары шашыраңқы түрде, басы бірікпеген күйде. Дегенмен тоқыраудың сеңі бұзылып, кейінгі ұрпақ үшін көмескі болып қалған біраз мұралар мен репрессияға ұшыраған зиялылардың еңбектері баспа бетін көре бастағаннан бері ХХ ғасыр басындағы әдеби тіл туралы ғылыми мәліметтер қатары біртіндеп толығып, жүйеленіп келеді. Өткен ғасыр басындағы әдеби тілдің жеке стильдік тармағы туралы жазылған “Қазақ” газетіндегі қоғамдық-саяси лексика” [7] Б.Момынованың 1997 ж.), авторлар ұжымының “ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі” [4] сынды ғылыми басылымдары мен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар мұраларының тіліне қатысты, өзге де жекелеген проблемалар мен аспектілер тұрғысынан қарастырған кандидаттық диссертациялар қорғалған бұл кезеңнің де болашақта толық ғылыми сипаты бірте-бірте қалыптасатыны сөзсіз. М.Көпеев, Шәкәрім, басқа да қазақ зиялыларының әдеби тілдегі орны туралы пікірлер, тұжырымдар жетіспейді. Соған қарағанда ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі әлі де салмақты еңбектердің жазылуы арқылы тереңірек зерттелуі керек және қазақ әдеби тілінің жай-күйін аша түсетін кешенді сараптамалар негізінде тұтастай бір ғасырлық тілдік ерекшеліктер жөнінде қорытындылар жасалуы керек. “ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі” монографиясын жарыққа шығарған авторлардың бірі – Ш.Мәжітаева [4]. Бұл кітапта әдеби тілдің стильдік тармақтар жеке-жеке қарастырылған. Шындығында, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің бар сипаты толық ашылып біткен жоқ, функционалдық стильдік тармақтары әлі де жете зерттеуді қажет етеді. Бұрын-соңды кешенді зерттеу нысанына айнала қоймаған ХХ ғасырдағы әдеби тілде өз ізін қалдырған айтулы оқиғалар ізімен пайда болған кезеңдерге қатысты қарастырылатын мәселелер:

1. Репрессияға ұшыраған қазақ зиялылары мұраларының әдеби тілге қатысын ашу, олардың мұраларының тілдік сипатын жасау; 2. Тұңғыш жалпыұлттық басылым “Қазақтың” әдеби тілді, оның стильдік тармақтарын дамытудағы ролін анықтау және нақтылау; 3. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдеби тілімен толық танысу үшін осы уақыт аралығында қоғамға қызмет еткен қазақ әдеби тілінің түрлі ерекшеліктерінің пайда болуын қоғамдық-саяси өзгерістер мен сыртқы әлеуметтік факторлармен сабақтастықта қарастыру және соның тікелей нәтижесі ретінде іштей бірнеше кезеңдерге жіктеу: а) Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы әдеби тіл сипаты (1920-30 жж.); ә) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдеби тілінің сипаты (1940-60 жж.); б) Кемелденген социализм жылдарындағы қазақ әдеби тілі (1960 жыл-дардан 1990 жылдарға дейінгі уақыт); в) тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ әдеби тілінің сипаты (1990-2000 жж.). Әсіресе, ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында жарық көрген “Қазақ” газеті, “Темірқазық” журналы, “Абай” журналы мен “Ызың” журналының әдеби тіл тарихындағы орны әлі дұрыс айқындалып, толық белгіленбеген.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр әдеби тілін толықтыруға байланысты ұсыныстар ретінде айтарымыз: әдеби тілдің әрбір функционалдық стилі қайтадан, жаңаша пікірлермен толығыуы керек; әр стиль туралы репрессияланған тілдік тұлғалардың еңбектері зерделеніп барып, тұжырым жасалуы керек; бұрыннан бар, жекелеген авторларға қатысты жазылған материалдар жаңаша пікірлермен толықтырылып, жаңа көзқараспен сарапталуы тиіс (Сәкен, Бейімбет т.б.); әліпби, жазу, емле туралы толыққанды тұжырымдар оқулықтарға енгізілуі тиіс; тек 1920-30 жж. ғана емес, ескі латынға қатысты және тіпті кейінгі 1940-1945 жж. кирилл кезеңінің алғашқы жылдары туралы; алғашқы

ғылыми негізді (ҚазКСР-нің әліпби комиссиясы бекіткен ережелер (С.Аманжолов председельдік еткен) емле туралы толық мәліметтер көпшілікке жету керек.

Ал 1927 жылғы «Әліппе айтысын» (қазіргі алфавитке түсірген – Ш.Мәжітаева, алғы сөзін жазғандар – Б.Әбілқасымов, Ш. Мәжітаева), “XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі” монографиясы авторларының бірі, сонымен бірге «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (ХУ-ХХ ғғ.) [8] оқу құралын жазған авторлардың бірі және осы мақалада талданған «1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегін құрастырған профессор Шара Мәжітаеваның есімі қашан да осы дәуірді зерттеушілердің алдыңғы легінен табылары даусыз. Мақалада ғалым зерттеулері бір ғана аспектіде сөз болды.

Профессор Шара Мәжітаеваны мерейлі мерекесімен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз! Шығармашылық шабытын жоғалтпасын!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Оқулық. ҚР БЖҒМ грифімен. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
2. Қазақ әдеби тілі тарихы. – Алматы: Ғылым, 1968.
3. Революцияға дейінгі қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993.
4. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. – Астана: «Елорда» баспасы, 2000. – 344 б.
5. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер (1,2 кітап). – Алматы, 2018.
6. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған Ш. Мәжітаева. – Қарағанды, 1994. – 167 б.
7. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1997.
8. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы ( ХУ-ХХ ғғ.). – Қарағанды, 2009. – 242 б.

#### **Жанат Дабыловна Рапишева**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

#### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ПРОФЕССОР Ш.МАЖИТАЕВА ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)**

Қазақ әдеби тілінің тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасуы аға буын ғалымдарымыз С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов сынды тілтанудағы ұлы тұлғалар есімімен тығыз байланысты болса, оның жеке сала болып дамуына қомақты үлес қосқан, әдеби тіл мәселелерін арнайы зерттеген кейінгі толқын өкілдеріне Ә.Қайдар, Р.Сыздық, С.Исаев, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов сияқты ғалымдардың үлкен тобы жатады.

Аталған ғалымдар салған даңғыл жолда талай жылдар талмай еңбектенуінің арқасында қазақ әдеби тілінің зерттелуіне өзіндік үлесін қосып келе жатқан филология ғылымдарының докторы, профессор Шара Мәжітаеваның алғашқы ізденістері «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік-лингвистикалық сипаттамасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясынан басталады.

Бұл зерттеуінде белгілі ғалымдардың әдеби тіл мәселелеріне арналған еңбектерін негізге ала отырып, Ш.Мәжітаева ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қалыптаса бастаған ұлттық әдеби тіліміздің ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы даму барысына әлеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан баға береді. 1988 жылға дейін кітапханалардың «жабық қорында» сақталып келген қазақтың зиялы қауым өкілдерінің, атап айтқанда А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың еңбектерімен алғашқылардың бірі болып танысу, зерттеу, көпшілікке жария ету мүмкіндігіне ие болып, оларды кандидаттық жұмысына арқау етеді.

Ш.Мәжітаева ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды, баспадан шыққан басылымдарды талдау барысында қазақ зиялыларының қазақ әліпбиін жасау, қазақ тілін мекемелердің іс қағаздарына енгізу, ұлт кадрларын даярлау мәселесіне атсалысқанын, ана тілінде оқулықтар жазып, пікірталастар, айтыстар ұйымдастырып отырғанын өзінің «Әліппе айтысы» (Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1990) атты еңбегінде көрсетеді.

«Өкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне «ұлтшылдар», «кеңес өкіметін құруға қарсы әрекет етушілер» деген айып тағылып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратқаннан кейін 80-жылдардың аяғына дейін аттары аталмай, еңбектері дұрыс баға